

Міржақып Дулатұлы арнау.

Өлең деген жақын білем әр жанға,
Сөз бастадым, қалам алып қолыма.
Міржақыпқа арнау жазса ақындар,
Неге маған, бір арнауды арнамасқа?

Қазақ үшін абақтыда сандалды,
Міржақып қазақ үшін қиналды.
Жігер берер Міржақыптың сөздері,
Ғұмыры оның мәңгілік боп қалады.

Өтседе Қанша жылдар, қанша уақыт,
Сыйладың ұрпағыңа өлең жақұт.
Бар әлемнің байлығына тең келмейтін,
Міржақыптай алтыным бар, қандай бақыт.

Сондықтан пайда көрмей жұмыр басты,
Шақырдың топтасуға кәрі-жасты,
Жаны қалмай жар салды ер Міржақып,
"Көзіңді аш, оян қазақ көтер басты! "